



ҚАУЛЫ

2019 ж. 12" Ақпан

Жансүгіров ауылы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 46

село Жансугурова

**Аудандық жер комиссиясының
құрамын қалыптастыру туралы**

Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 –бабының 1 –тармағының 10) тармақшасын және «Қазақстан Республикасының Жер Кодексінің» 17 бабының 1-2 тармақшасы, 43 –бабының 2 –тармағы негізінде, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Жер учаскелеріне құқықтар беру туралы, жер учаскелерінің нысаналы мақсатын өзгерту туралы өтініштерді (өтінімдерді) қарау және тиісті қорытындылар беру үшін осы қаулының қосымшасына сәйкес аудандық жер комиссиясы қалыптастырылсын.

2. Аталған комиссияға, Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 43-1 бабы негізінде, мемлекеттік меншіктегі және жер пайдалануға берілмеген жер учаскелерін шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығымен беру жөніндегі конкурс жеңімпазын айқындау туралы өтініштерді (өтінімдерді) қарау кезінде, жердің аумақтық құрылымына сәйкес ауылдық округ әкімдері және жергілікті қоғамдастық жиналысы жіберген тиісті ауылдық округтің, ауылдың жергілікті халық өкілдері кіреді.

3. Осы қаулымен қалыптастырылған жер комиссиясының құрамы аудандық мәслихаттың сессиясына бекітілуге жіберілсін.

4. Ақсу ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 7 наурыздағы «аудандық жер қатынастарын реттеу комиссиясын жаңа құрамда қайта құру туралы» № 61 қаулысы жойылсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А. Қабаевқа жүктелсін.

Аудан әкімі

Е. Базарханов

Ақсу ауданы әкімдігінің
2019 жылғы « 12 » ақпан
«Аудандық жер комиссиясының құрамын
калыптастыру туралы» № 46
қаулысына қосымша

Аудандық жер комиссиясының құрамы

Қабаев Арман Маратұлы аудан әкімінің орынбасары, комиссия төрағасы

Комиссия хатшысы:

Тұрысбаева Данагүл Серікқызы ауданның жер қатынастары бөлімінің бас маманы

Комиссия мүшелері:

Бекбатыров Қайрат Тлеуханұлы ауданның жер қатынастары бөлімінің басшысы;

Бекболатов Сағит Жанғазыұлы ауданның ауыл шаруашылығы бөлімінің басшысы;

Мырзеков Нұрлан Қомарұлы аудандық сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы;

Мұсабаланов Ғабит Ахметқожаұлы аудандық мәслихаттың депутаты, қоғамдық кеңестің мүшесі (келісім бойынша);

Тұрсынов Руслан Несіпбайұлы Алматы облысының кәсіпкерлер палатасы Ақсу аудандық филиалының директоры, қоғамдық кеңестің мүшесі (келісім бойынша);

Абдырахманов Қанат Сәкенұлы «Абдырахманов» шаруа қожалығының басшысы, қоғамдық кеңестің мүшесі (келісім бойынша);

Құрманғалиева Бақыт Нұрсеитқызы Алматы облыстық жергілікті агроөнеркәсіп кешені және мемлекеттік мекемелер қызметкерлерінің кәсіподақтар одағы» қоғамдық бірлестігі Ақсу филиалының төрайымы, (келісім бойынша);

Кульзира Тұлымшақова Ақсу ауданы бойынша кәсіпкерлік кеңестің төрайымы.